

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы

Сабақтың тақырыбы:

**Кәсіби қазақ тілінің мамандық пәндерімен
байланысы.**

Дәріс оқушы: доцент Қалыбекова Қаламқас Сағындыққызы

Қ а р а ғ а н д ы , 2 0 2 5

01

Қайырлы күн, құрметті студенттер!

Бүгінгі сабағымызды бастаймыз.

Сабақтың тақырыбы – Кәсіби қазақ тілінің мамандық
пәндерімен байланысы.

Сабақ барысында біз негізгі ұғымдармен танысып,
тәжірибелік тапсырмалар орындаймыз.

Назар қойып тыңдауларыңызды сұраймын!

Сабақтың мақсаты:

Студенттердің мамандыққа қатысты кәсіби терминдер мен ұғымдарды қазақ тілінде меңгеруіне жағдай жасау. Кәсіби қазақ тілін мамандық пәндерінде қолдану арқылы болашақ мамандардың тілдік құзыреттілігін арттыру. Пәндік білімді қазақ тілінде жеткізе білуге, ғылыми-теориялық ойды сауатты баяндауға үйрету.

Кәсіби қарым-қатынаста мемлекеттік тілді еркін қолдануға дағдыландыру. Мамандығына сай ғылыми стильді, ресми-іскерлік стильді дұрыс меңгеруге бағыттау.

03

Елімізде бүгінгі нарық жағдайында қай сала болмасын қызмет етудің барлық түрінде белгілі бір білімге, шеберлік пен дағдыға, жеке адамшылық қасиетке ие, өзінің кәсіби қызметін жоғары деңгейде атқаратын, бәсекеге қабілетті білікті мамандарға сұраныс жоғарылап келеді.

Білім алушылардың кәсіби тілді меңгеріп шығуы олардың шығармашылық ойлауына, көзқарасының кеңеюіне, жеке басының қасиеттерін жан-жақты ашуға, өзінің кәсіби білім деңгейін дамытуға әсерін тигізеді.

Кәсіби қазақ тілінің мамандық пәндермен байланысы – болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі тетігі. Әр маман өз саласының терминологиясын меңгерумен қатар, сол ұғымдарды дұрыс қолданып, ғылыми және кәсіби стильде сөйлей білуге тиіс.

Бұл тілдік қабілет тек кәсіби білімді ғана емес, сонымен қатар маманның мәдениетін, қарым-қатынас шеберлігін айқындайды. Осы орайда, Абайдың 37-қара сөзінде айтқан: **«Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады»** деген тұжырымы ерекше мәнге ие.

Шындығында, кәсіби қазақ тілін меңгеру – тек тілді білу емес, ол адамның ақылын дамытып, ғылымға жетелейді, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады, ар мен мінезін айшықтайды.

Сондай-ақ, Абайдың 7-қара сөзіндегі «Білсем екен» деген талап – кәсіби тіл мен мамандық пәндерінің тоғысуына сай келетін қағида. Әр маман өз пәнін игеру барысында қазақ тілінде сауатты сөйлеуді үйренсе, ол білімнің тереңдігі мен ізденісінің айғағы болмақ.

Демек, кәсіби қазақ тілі мен мамандық пәндерінің байланысы – маманның тек білім деңгейін ғана емес, оның рухани дүниесін, мәдениетін және кәсіби қарым-қатынасын жетілдіретін әмбебап құрал.

1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз.

Кәсіби қазақ тілінің мамандық пәндерімен іскери байланысы

Кәсіби қазақ тілінің мамандық пәндермен байланысы. Кәсіби қазақ тілі — болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыратын негізгі пәндердің бірі. Ол тек қана тілдік білім берумен шектелмей, мамандыққа қатысты арнайы ұғымдарды, терминдерді және ғылыми стильдегі сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

Сондықтан кәсіби қазақ тілін оқыту әрбір студенттің мамандығына тікелей байланысты жүзеге асады.

Ал техника мамандығында білім алушыларға механика, электроника, ақпараттық технологияларға қатысты ғылыми мәтіндерді түсініп, оларды қазақ тілінде еркін жеткізе алу маңызды.

06

Мәтіннің жалғасы:

Экономика және заң саласындағы мамандар да кәсіби қазақ тілін меңгеру арқылы ресми құжаттарды сауатты толтыруды, келіссөз жүргізуді, ғылыми баяндама жасауды үйренеді.

Осылайша, кәсіби қазақ тілі әрбір мамандық пәнімен тығыз байланыста қарастырылады. Ол студенттердің теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, алған білімін кәсіби ортада қазақ тілінде қолдана білуіне мүмкіндік береді.

Демек, кәсіби қазақ тілін меңгеру – болашақ маманның біліктілігі мен кәсіби мәдениетінің көрсеткіші.

07

Мәтіннің жалғасы:

Техникалық мамандықтарда да кәсіби қазақ тілінің рөлі ерекше. Мысалы, ақпараттық технологиялар бағытын таңдаған студент қазақ тілінде бағдарламалау тілдері, деректер қоры, жасанды интеллектке байланысты ұғымдарды меңгеріп, ғылыми жобаларын түсінікті жеткізе білуі қажет.

Электр энергетикасы мамандығында оқытындар электр желісі, трансформатор, ток күші, қуат көздері туралы кәсіби терминдерді қазақ тілінде дұрыс қолданып, техникалық құжаттамаларды сауатты толтыруы тиіс.

08

Мәтіннің жалғасы:

Құрылыс инженері мамандығындағы студент қазақ тілінде сызба, құрылыс материалдары, жобалау, сметалық құжаттар жайлы терминдерді меңгеріп, мамандық пәндерімен ұштастыра білуі керек.

Осылайша, кәсіби қазақ тілі әрбір мамандық пәнімен тығыз байланыста қарастырылады. Ол студенттердің теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, алған білімін кәсіби ортада қазақ тілінде қолдана білуіне мүмкіндік береді. Демек, кәсіби қазақ тілін меңгеру – болашақ маманның біліктілігі мен кәсіби мәдениетінің көрсеткіші.

**2-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Мына сөздерді аударыңыз.
Есіңізге сақтап алыңыз.**

- ❖ техникалық құжаттар –
- ❖ сауатты толтыру –
- ❖ құрылыс материалдары –
- ❖ терминдерді меңгеру –
- ❖ жасанды интеллект –
- ❖ сөйлеу дағдылары –
- ❖ технологиялар бағыты –
- ❖ деректер қоры –
- ❖ ұғымдарды меңгеру –
- ❖ ғылыми жоба –
- ❖ білуі қажет –
- ❖ қуат көздері –

3-тапсырма. Абайдың 7-қара сөзін оқыңыз.

Абайдың 7-қара сөзінің қысқаша мазмұны. Абай бұл сөзінде адам баласының табиғи қасиеттерін талдайды. Ол жаңа туған сәбидің «білсем екен» деген құмарлығын ерекше атап өтеді. Бала айналадағының бәрін көруге, естуге, ұстауға, дәмін татуға, тануға ұмтылады. Бұл қасиет адамға туа біткен қабілет екенін айтады. Бірақ өсе келе адамдардың көбі бұл «білсем екен» деген құмарлықтан айырылады. Оның себебі – тәрбиенің кемдігі, еріншектік пен құмарлықтың жойылуы.

Абайдың негізгі ойы: адам өмір бойы «білсем екен» деген талпынысты сақтап қалуы керек, өйткені ол – ғылым мен өнердің, кәсіби дамудың бастауы.

Кәсіби қазақ тілі тұрғысынан талдау:

«Білсем екен» деген талап кәсіби тіл мен мамандық пәндерінің тоғысына дәл келеді. Мамандық пәнін оқуда кәсіби терминдерді меңгеру, оларды қазақ тілінде сауатты қолдану – білімге деген құмарлықтың жемісі.

Егер маман «білсем екен» деген ұмтылыстан айырылмаса, кәсіби тіл арқылы өз ойын нақты жеткізіп, саладағы ғылыми ұғымдарды еркін меңгереді.

Мамандыққа кіріспе пәнімен байланысы бойынша талдау.

Әрбір студенттің алғашқы мақсаты — өз мамандығының қыр-сырын танып білу. Бұл жолда кәсіби қазақ тілі пәні негізгі құралға айналады.

Мамандық пәндері теориялық білім берсе, кәсіби тіл сол білімді практикалық қолданысқа енгізуге көмектеседі.

Тұлғалық даму тұрғысынан талдау.

Абай айтқан «білсем екен» – үздіксіз ізденіс пен өзін-өзі жетілдірудің кепілі.

Кәсіби тіл маманның сөйлеу мәдениетін дамытып қана қоймайды, оның ойлау қабілетін жетілдіреді, өзіндік пікір айтуға баулиды.

4- тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.

Неліктен адам өсе келе білімге құмарлығын жоғалтады?

5-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.

Кәсіби маман үшін «білсем екен» ұмтылысының маңызы қандай?

6-тапсырма. Рөлдік ойын.

Студенттерді топтарға бөліп, «инженер-заказ беруші», жағдайларын жасап, кәсіби қазақ тілінде қарым-қатынас жүргізіңіз.

7-тапсырма. Ребус құрастыру.

Мамандық саласына тән кәсіби терминдерден кроссворд немесе ребус құрастырып, топпен шешіңіз.

**8- тапсырма. Берілген сөздерді мәтіннің негізінде
мағынасына қарай сәйкестендіріңіз.**

Жоғары	сұраныс
Мамандарға	мамандар
Білім беру	байланыс
Пәнаралық	тереңдету
Білікті	деңгей
Білімін	бағдарламасы
Әдеби	жұмыс жасау
Тілді	беру
Мәтіндермен	оқыту
Сөздік	норма
Мүмкіндік	қоры

9-тапсырма. Терминологиялық сөздік құрастыру.

Мамандық пәніне қатысты 15–20 терминді жинап, олардың қазақша түсіндірмесін жасап, шағын сөздік құрастырыңыз.

Мұхтар Әуезовтен («Абай жолы» романынан)
«Халықтың тілі – халықтың тарихы, мәдениеті. Тіл
арқылы ғана халықтың ой-санасы, дүниетанымы
көрінеді».

Талдау: Кәсіби қазақ тілін меңгеру – кез
келген мамандық иесінің кәсіби білімін өз
халқының тілімен жеткізе білу қабілеті.

Бұл пән инженерге де, дәрігерге де, педагогқа
да ортақ. Себебі ғылым мен білімнің тереңдігін тіл
арқылы ұғынуға болады.

Жамбыл Жабаевтан «Өнер-білім бар жұрттар,
тастан сарай салғызды...»

Талдау: Бұл жолдар мамандық пен кәсіби білімнің
қоғамдағы орнын сипаттайды. Тіл – сол білімді
жеткізудің негізгі құралы.

Кәсіби қазақ тілі мен мамандық пәндерінің
байланысы арқылы студент тек салалық білім алып қана
қоймайды, оны өз ортасында түсіндіре алады.

Үй тапсырмасы:

- ❖ Термин сөздерді жаттап, есте сақтаңыз.
- ❖ «Абайдың 7-қара сөзіндегі ой қазіргі заман маманына қаншалықты қажет?» деген тақырыпта эссе жазыңыз.
- ❖ Қара сөзді пайдаланып, кәсіби қазақ тілінде қолданылатын 10 терминге анықтама беріңіз.

**Назар
аударғандарыңызға
рақмет!**

22